

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 желтоқсан N 1692

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті
Мажілісінің қарастырауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
"Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы
мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен
толықтырулар енгізілсін:

1. "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде 2001 жылғы 7 шілдеде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 шілдедегі Z 0 1 0 2 2 3 _

Заңына:

1 - баптың 1) тармақшасында:

"айналымдар." деген сөзден кейін үшінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен
толықтырылсын:

"Егер салық төлеуші осы тармақшада көрсетілген айналымдармен қатар сату бойынша басқа айналымдарды жүзеге асырған жағдайда, онда мұндай салық төлеушілер осы тармақшада көрсетілген айналымдар бойынша және басқа да айналымдар бойынша жеке есеп жүргізуге міндетті.";

төртінші абзацтағы "Астана қаласының аумағында тіркелген салық төлеушілерге" деген сөздер "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органында салық төлеушілер ретінде тіркелген мынадай тұлғаларға" деген сөздермен аудистрылсын;

мынадай мазмұндағы сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші абзацтармен толықтырылсын:

"Осы тармақшада көрсетілген салық төлеушілер 2002 жылғы 15 қаңтардан кешіктірмей "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органына мынадай мәліметтерді беруге міндетті:

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша оның шегінде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы құрылатын аумақтағы және құрылыш процесінде пайдаланылмаған тауарлы-материалдық қорлардың қалдықтары бойынша;

2002 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша оның шегінде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы құрылатын аумақта салынып жатқан әрбір обьекті бойынша тауарлы-материалдық қорлардың, орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің құнын қоса алғанда, аяқталмаған құрылыштың құны бойынша.

Осы тармақшада көрсетілген мәліметтер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген тәртіппен және нысан бойынша ұсынылады.;

мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

"1-1. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген айналымдар бойынша есепті кезең ішінде есептелген салықтың сомасынан есепке жатқызылған салық сомасының артығы оның өтініші бойынша белгіленген мерзімдерде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органынан раставу алынғаннан кейін әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылышы процесінде іс-жүзінде пайдаланылған бөлігінде салық төлеушіге қайтарылады. "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағындағы салық органының сұрауы бойынша аймақтың аумағында құрылған атқарушы орган беретін әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыш процесінде пайдаланылғандығы туралы құжат раставу үшін негіздеме болып табылады."

2. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 20 мамырдағы Z980230_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 7-8, 79-құжат; 2001 ж., N 15-16, 228 , 229 - құжаттар):

3-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы 7-3), 7-4) және 7-5) тармақшалармен

Т О Л Ы Қ Т Ы Р Ы Л С Ы Н :

"7-3) салық органдының сұрауы бойынша бір ай мерзімде "Астана - жаңа қала" арнайы экономикалық аймағының аумағына әкелінген тауарлар мен жабдықтардың құрылыш процесінде пайдаланылуы фактісін растайтын құжаттарды береді;

7-4) "Астана - жаңа қала" АЭА аумағындағы құрылыш процесіне қатысатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің есебін жүргізеді;

7-5) шаруашылық жүргізуші субъектілермен "Астана - жаңа қала" АЭА-ның аумағындағы қызмет жағдайлары туралы шарттар жасасады".

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы

K010209_

Кодексіне

(Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат):

15-баптың 3-тармағындағы "жатады." деген сөзден кейін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Арнайы экономикалық аймақтар құрылған жағдайда бұл аймақтардың аумағында салық комитеттері құрылуды мүмкін.".

2-бап. Осы Заң 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.